

**«Таволжан жалпы орта білім беру мектебі» ММ жанындағы
Қамқоршылық кеңесі отырысының №3 хаттамасы**

2018 жылғы 7 ақпан

Қатысқандар: 10 адам, мектеп директоры, қамқоршылық кеңесінің мүшелері.

Күн тәртібінде:

1. 2017-2018 оқу жылының 1-жартыжылдығына мектеп директорының м.а. М.Р. Фарукшиннің есебі

Сөйледі: Мектеп директорының м.а. М.Р. Фарукшин. Ол 2017-2018 оқу жылының 1-жартыжылдығында 1-11 сыныптарда 42 оқушы оқығандығын, оның ішінде бастауыш сыныптарда - 19 оқушы, 5-11 сыныптарда – 23, 4 оқушы мектепалды даярлық сыныбында және 25 шағын орталық тәрбиеленушілері бар екендігін қатысушыларға таныстырды.

Мектеп бір ауысымда жұмыс жасайды. Сабақтың ұзақтығы - 40 минут. Сабақтар аптасына 5 күн, сенбі күні мәдени-бұқаралық спорттық іс-шаралар өткізіледі. Мектеп жылу режимі ұсталады.

Оқу үдерісінің техникалық жабдықталуы - 1 информатика кабинеті, 10 компьютерді қамтиды (2009 жылы-5+1, 2017 жылы 5+1).

Мектептегі 42 оқушы ыстық тамақпен қамтылған, ол 100% құрайды. Оның ішінде 20 бала (48%) жалпыға міндетті оқу қорынан, қалған 22 бала (52%) ата-аналардың демеушілігімен тамақтанады. Тегін тамақтандыру құны - 330 тг. ақылы түскі ас – 200 тг. құрайды. Оқушылар күн тәртібін қадағалау мақсатында барлығы 14 рейдтік іс-шара өткізілді, бұзушылық жоқ. Мектепте күн сайын оқушылардың сабаққа қатысуын бақылау жүргізіліп отырады.

Материалдық көмекке мұқтаж аз қамтылған отбасыларына рейдтер жүргізілді. Материалдық-тұрмыстық жағдайларын анықтайтын актілер жасалды. Тамыз айында «Мектепке жол» акциясы барысында 17 балаға, өтініштеріне сәйкес қаралған материалдық көмек, киім-кешек және кеңсе тауарлары жалпыға міндетті оқу қорынан жалпы сомасы - 220 мың теңге сатып алынды.

Оқу-тәрбие үдерісі нәтижелерін зерделеу мектепте үздіксіз жүргізіледі, ол оқушылардың оқыту сапасын арттыруға және білімін түзетуге мүмкіндік береді.

Білім беру үдерісінің тиімділігін зерделеу жүйесі біздің мектебімізде қалыптасқандығы жайында ақпарат береді.

Қараша айында 4 сынып оқушыларын ОЖСБ дайындау басталды. ОЖСБ-ға дайындық шаралар жоспары оқушылар және ата-аналармен, пән

мұғалімдерімен жүргізілетін жұмысты жүзеге асырылады. Оқу жетістіктерін сыртқы бағалау 4 пән бойынша жүргізіледі:

әдебиеттік оқыту, дүниетану, орыс тілі және математика. Қосымша сабақтар, ОЖСБ бойынша қосымша сабақтар, мектеп әкімшілігі тарапынан тестілеу өткізіледі.

2017-2018 оқу жылындағы мектептің әдістемелік тақырыбы:

«Білім беру қызметін ұйымдастыруда заманауи тәсілдерді пайдалану арқылы білім беру үдерісін тиімділігін, мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін және үздіксіз кәсіби дағдыларын арттыру».

Мақсаты: Оқушылардың негізгі құзыреттілігін және функционалдық сауаттылығын арттыру үшін жағдай жасау.

Аттестациялау ережелеріне сәйкес мектепке мұғалімдерді аттестациялау бойынша жұмыс жүйелі жүргізіледі, педагог кадрларды аттестациялаудың болжалдық жоспары бар. Осы оқу жылында 7 педагог аттестациядан өтеді. Жоғары санатты растауға биология және химия мұғалімі С.В. Ромодин, Б.А. Қарабаева алуға, бірінші санатқа аттестаттуға физика және информатика мұғалімі С.А. Руденко, М.Р. Фарукшин тарих, құқық және экономика негіздері, екінші санатқа аттестатуға география мұғалімі М.Р. Фарукшин, бастауыш сынып мұғалімі Байжанова С.С., шағын орталығының тәрбиешісі Арынгазинова М.П. берді.

ШЕШІМІ:


- МЖМБС сәйкес білім беру мазмұнын жаңартудың енгізілуін қамтамасыз ету;
- білім беру үдерісінде оқу-әдістемелік кешеннің мазмұнын жетілдіру;
- оқушылардың білім сапасын зерделеу және бағалау жүйесін дамытуды жалғастыру;
- балаларды оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде ата-аналармен жұмысты жандандыру ;
- сыныптан тыс және сабақтан тыс жұмыстарды жақсартуды жалғастыру;
- мектептің техникалық-материалдық базасын нығайту үшін демеушілерді тарту

Төрағасы:



О.В. Камышова

Хатшы:



Д.Б. Глухова